

**Астана қаласында орталық мемлекеттік органдар мен мемлекеттік мекемелер қызметкерлері үшін тұрғын үй салуға үлестік қатысуға және сатып алуға бөлінетін қаражатты пайдалану туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 9 наурыздағы N 294 қаулысы

"2004 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 5 желтоқсандағы Заңына сәйкес, Астана қаласында орталық мемлекеттік органдар мен мемлекеттік мекемелер қызметкерлері үшін тұрғын үй салуға үлестік қатысуға және сатып алуға бөлінетін қаражатты тиімді пайдалану мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Астана қаласының әкімі заңнамада белгіленген тәртіппен 2004 жылға арналған республикалық бюджетте 005 "Мемлекеттік органдардың және мемлекеттік мекемелердің қызметкерлеріне тұрғын үй салуға және сатып алуға үлестік қатысуға Астана қаласының бюджетіне берілетін мақсатты трансферттер" бюджеттік бағдарламасы бойынша 1000000000 (бір миллиард) теңге сомасында көзделген қаражат есебінен орталық мемлекеттік органдар мен мемлекеттік мекемелердің тұрғын үймен қамтамасыз етілмеген қызметкерлеріне (бұдан әрі - қызметкерлер) кейіннен беріп, үлестік қатысу шартымен Астана қаласында тұрғын үйлерді және тұрғын үй салу жөніндегі жұмыстарды мемлекеттік сатып алуды жүргізсін.

**2 . М ы н а л а р :**

1) Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігінің (бұдан әрі - Агенттік) сұратуы бойынша бір апта мерзімде орталық мемлекеттік органдар мен мемлекеттік мекемелер тұрғын үймен қамтамасыз етілмеген қызметкерлердің тізімдерін ұсынады;

2) Агенттік (келісім бойынша) екі апта мерзімде Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесіне қызметкерлердің бекітілген тізімдерін тапсырады;

3) оларды кейіннен қызметкерлерге беру үшін орталық мемлекеттік органдар мен мемлекеттік мекемелерге қызметтікке теңестірілген пәтерлерді бөлуді Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесі жүзеге асырады;

4) **Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 02.07.2013 № 673 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

**Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 02.07.2013 № 673 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) .**

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Кеңесінің Басшысы А.А.Тілеубердинге жүктелсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н            Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ